

араластырылып, әр шұңқырға көмілген. Смағұл Сәдуақасұлының сүйегін қазақ топырағына жерлеуге біздің қоғам дайын емес еді.

Тікелей тұңғыш президенттің араласуымен, Астана қаласының әкімдігінің қатысуымен Смағұл Сәдуақасұлының сүйегінің күлі қазіргі мұсылмандар қорымына жерленді. Оның жарық жұлдыздай жарқ етіп сөнген қысқа, бірақ айрықша мағыналы ғұмырындағы ұстанымы, отансүйгіштігі бүгінгі азаматтарға, өскелең ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық. Оның елдік мұраттарға адал бай мұрасын танып-білу, қайраткерлік қабілетіндегі ұлттық тамыр іспетті қайнар көзді игеріп, бойға сіңіру бүгінгі тәуелсіздік жастарына өте қажет. Ол қамшының сабындай қысқа ғұмырын қазақтың азаттығы мен теңдігіне арнады. Ол 33 жылдық ғұмырын қазақ елінің ел болып өркендеуіне арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. Алматы, 1996, 13 б.
2. Ахатов У.А. Смағұл Сәдуақасов: мемлекет және қоғам қайраткері // ҚАҰУ Хабаршысы, 2010, № 4. 6 б.
3. Қамзабекұлы Д. Смағұл теңізінен – бір тамшы... // Егемен Қазақстан, 2012, 15 қазан, 4б.
4. М. Қойгелді. Мен «Кіші Октябрге қарсымын» // Зерде, 2011, 3 ақпан, 9 б.
5. Қамзабекұлы Д. Ағартушылық құбылысы және Алаш қайраткерлері // Маңғыстау мұғалімі, 2013, 10 сәуір, 4 б.
6. Сүлейменов Ж. Ұлтын сүйген ұл // Егемен Қазақстан, 2012, 22 мамыр, 3б.

1979-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҮГІТ НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ САЛДАРЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУШЫЛАР

Жағыпар Ә.Б., докторант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

«Хрущевтік жылымық» арқылы пайда болған әлеуметтік және саяси иллюзиялар, Брежневтік басқару кезеңінде де кеңес қоғамы қуана қабылдаған қоғамдық-саяси өмірдегі шығармашылық және әлеуметтік-саяси белсенділіктің, соның ішінде жастар арасындағы белсенділіктің өсуіне ықпал етті. Сол кезеңдегі 1961-1962 жж. Қарағандыда «Жас қазақ», 1962 ж. Павлодарда «Кеңес өкіметіне қарсы күрес», 1963 ж. Мәскеуде «Жас тұлпар» шығармашылық бірлестігі, 1969 ж. Павлодарда «Жас ұлан» астыртын жастар ұйымы, 1969 ж. Алматыда «Ұшқын» қазақ жастар ұйымы, 1969 ж. Өскемен мен Семей облыстарында «Ұлттық кадрлар үшін әділеттілік» тобы, 1972 ж. Шымкентте «Адыр қасқырлары» тобы, 1973 ж. Алматыда «Сарыарқа» ұйымы, 1977 ж. «Жас қазақ» ұлттық-демократиялық ұйымдар әлі де зерттеуді қажет етеді [1, 252-272 бб.]. Алайда Қазақ КСР тұратын халық санымен салыстыра қарасақ жоғарыдағы астыртын жастар ұйымдары ең төменгі пайыздық көрсеткішке де жетпейтіні белгілі. Бұл КСРО да қоғамдық-саяси өмірде жүргізілген идеологиялық үгіт насихат жұмыстарының жемісі деп білеміз. Сондықтан да, осы мақаланы жазудағы мақсатымыз Қазақ КСР 1979-1980 жылдарда жүргізілген кеңестік идеологиялық үгіт насихат жұмыстарының мәні мен маңызын аша отырып, сол кезеңде өзгеше ойлаған жандар туралы баяндау.

Ұлттық энциклопедияда: «Идеология (грек. idea – идея, бейне, logos – сөз, білім) – адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін идеялар мен көзқарастар жүйесі», – деп көрсетілген [2, 231 б.]. Идеология тарихын зерттеуші Иглетон оның 40-қа жақын дефиницияларын, норвегиялық зерттеуші А. Нэсс бұл ұғымның 30-дан артық анықтамаларын келтіреді, ал поляк ғалымы Е.

Вятр идеологияның дефеницияларын көп деңгейлі типологиялауын ұсынады. Идеология феноменіне толып жатқан анықтамалар берудің басты негізі оның ғылым ұғымымен өзара қатынасы болып табылады [3]. Идеология адам өмірінде танымдық, бағдарламалық, іске тарту, бағалау қызметтерін атқаратындығын кеңестік кезеңдегі үгіт насихат жұмыстары жарқын мысал бола алады. Қ. Бектаев қазақ тілінен «үгіт насихат» деген сөзді орыс тілінде «агитация и пропаганда» деп аударған [4, 463 б.].

ҚарЛаг құрылғаннан бастап Кеңестер Одағының түкпір-түкпірін репрессияға ұшырап келген шығармашылық иелері мен интелегенция өкілдері жазаларын өтеп босап шыққаннан кейін Қарағандыда қалғандары білім мен ғылым ордаларында жұмыс істеп жастарды тәрбиелеуде орасан үлес қосып, өзгеше ойлайтын жандардың шоғырын қалыптастырды. Сондай өзгеше ойлайтын жастар Қарағанды қаласында 1978-1980 жылдары «Движение коммунары» астыртын жастар тобын құрды [5]. Топ мүшелерінің ұсталатын 1980 жылдардың басындағы Қазақ КСР-індегі қоғамдық-саяси өмірді архив құжаттары мен баспасөз материалдарына және «Движение коммунары» астыртын жастар тобы кейбір мүшелерінен алынған нарративті сұхбаттарға сүйене отырып қарастырамыз.

Біз қарастырғалы отырған жылдар КСРО-да Леонид Брежневтің (1964-1982 жж.) елді басқару уақытына сәйкес келеді. Сол кезеңдегі еліміздегі қоғамдық-саяси мәселерді Қазақстан Компартиясы ОК насихаттау және үгіт бөлімінің меңгерушісі Г. Шестаков 1980 жылы 5 ақпанда бекіткен Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің насихат топтарының облыстық партия ұйымдарында жүргізген жұмыстарын қарастырсақ [6]. «Владимир Ильич Лениннің туғанына 110 жыл толуы» туралы КОКП ОК қаулысын Қазақстан Компартиясы орталық комитеті орындау мақсатында 1980 жылдың қаңтарында республиканың барлық облыстарына үгіт насихат топтарын жолдаған. Барлығы 81 адам олардың құрамында министрліктер, ведомстволар мен мекемелер басшылары, ғалымдар, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының оқытушылары және «Знание» қоғамының дәріскерлері болған. Үгіт насихат топтарының мүшелері облыстарда болған кезінде өнеркәсіптің, көліктің, құрылыстардың еңбек ұжымдарында, колхоздар мен совхоздарда, халықтың тұрғылықты жері бойынша, сайлау учаскелерінде, сондай-ақ халқы аз елді мекендердің тұрғындары арасында және шалғайдағы учаскелерде дәрістер мен баяндамалар жасаған. Баяндамаларында В.И. Лениннің туғанына 110 жыл толуы, 1979 жылғы қараша КОКП ОК пленумы мен Қазақстан Компартиясы ОК XII Пленумының шешімдерінен туындайтын республика еңбекшілерінің міндеттері туралы айтып берген. Олар барлығы 38 мыңнан астам адамды қамтып, 619 дәріс пен баяндама өткізген. Дәріскерлер мен саяси спикерлер тыңдаушылардың көптеген сұрақтарына жауап берген және осы дәрістер аясында туындаған сұрақтарды танысу үшін арнайы хат жіберген. Халықтан қойылған сұрақтар төмендегідей тәртіппен топтастырылған:

Ішкі саяси жағдай туралы;

Халықаралық жағдай туралы.

Екі бағыт бойынша бізді қызықтарған сұрақтарды орыс тілінде беруді жөн көрдік. Осы сұрақтардың ішінде КСРО ішкі саяси жағдай турасында:

В чем конкретно обвиняется А. Сахаров? В какой город он выслан из Москвы?

Халықаралық жағдай турасында қойылған сұрақтар:

В чем причины ухудшения международной обстановки?

Какое место в общем объеме внешней торговли СССР занимают США?

На каких территориях США имеют военные базы?

Сколько государств одобрило помощь СССР Афганистану? Какова в этом вопросе позиция Китая, Румынии, Югославии?

Каковы шансы на переизбрание Д. Картера?

Где был до декабря 1979 года Бабрак Кармаль? Какова его биография?

Есть ли жертвы среди наших военных в Афганистане?

Каков уровень производительности труда в СССР по сравнению с Болгарией, Румынией, ГДР?

Каковы результаты первого тура советско-китайских переговоров?

Как к СССР относится Хомейни?

Какой ориентации придерживается избранный в Иране президент?

Сколько стран признали новую Кампучию? Расскажите о Самрине.

Сохраняется ли угроза нападения Китая на Социалистический Вьетнам?

Архив құжатынан түйетініміз, КСРО-дағы үгіт насихат машинасы қоғамдық пікір қалыптастырудың және билікті қолдаудың қуатты құралы болғандығын көреміз. Ол өмірдің әртүрлі салаларын білім мен мәдениеттен бастап бұқаралық ақпарат құралдары мен бұқаралық іс-шараларға дейін қамтыды. Бұл машинаның басты мақсаты коммунизм идеалдары мен КСРО басшылығының жеке басына табынуды насихаттау және партияның билігін нығайту болды. Жоғарыдағы қойылған сұрақтардан біріншіден, ішкі саяси жағдайында қанша жерден жалпы бақылау болса да өзгеше ойлаған жандардың қоғамдық-саяси өмірде белсенділігі артып, демократиялық жаңғыруларға қарай жетелеп келе жатқанын білдіреді деп санаймыз. Өйткені сол жылдары автордың өз шығармасын өзі бастырып шығару (самиздат) пен шет елде шығарылған басылым (тамиздат) бойынша келген кітаптар елімізде көптеп оқылып жатқан болатын. Екіншіден, Қазақ КСР-індегі тұрып жатқан халықтардан халықаралық жағдай турасында көптеген қызықты сұрақтардың туындауы біздің ойымызша шындықты айту мен жазуға мүмкіндігі болмаған соң, сол кезеңдегі халықтың әр түрлі жанрдағы кітаптарды, газет, журналдарды көп оқығандықтан жабық қоғам да білуге талпынған сана-сезімдері мен саяси сауаттылығы деңгейінің өскендігін білдіреді деп ойлаймыз.

Тарихтың әр кезеңінде қоғамдық-саяси өмірдің негізгі қозғаушы күші жастарға билік тарапынан қатты көңіл бөлгеніндей кеңестік кезеңде сол үрдісті жалғастырғанын көру үшін «1979-1980 оқу жылының аяғындағы жаппай насихаттау нысандары туралы Қазақстан бойынша статистикалық деректер» атты 1980 жылғы 15 шілдедегі Т. Алиновтың қолтаңбасымен архив құжатын қараймыз. [7] Осы архив құжатында халық университетерінде қоғамдық-саяси, экономикалық, ауыл шаруашылығы, жаратылыстану, педогогикалық, құқықтық білімдері және техникалық прогресс, коммунистік тәрбие, ғылыми атеизм, денсаулық, халықаралық қатынастар, қоғамдық кәсіптер, кең профиль, мәдениет, кино университеттер, эстетика, шеберлік дәрісі, болашақ жауынгер, дене шынықтыру және спорт, тәлімгерлер, табиғатты қорғау, теле университеттер, радио университеттер, басқалар бойынша барлығы 3680 дәріске 640530 адам қатысқан. Одан бөлек өндірістегі коммунистік құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және тағы да басқа еңбек мектептерде, КОКП XXV съезінің материалдарын зерделеу бойынша мектептер, В.И. Лениннің шығармалары мен өмірбаянын зерттеу мектептері, КСРО Конституциясын зерттеу мектептері, лекторилер, бұқаралық насихаттың басқа түрлері бойынша жаппай үгіт насихат жұмыстарына тартылғандар 1806183 адам болған.

Бұл архив құжатынан шығатын ой, бүкіл үгіт насихат жүйесі орталықтандырылып, мемлекет тарапынан қатаң бақылауда болғандығын байқаймыз. Жоғарыдағы кестеде көрсетілген сандар мен олардан шыққан пайыздардан дәріскерлер құрамының орташа әлеуметтік портретін құрастырып көрейік. Оқытушылар және халық университеттерінің ректорлары, коммунистік еңбек мектептері мен бұқаралық насихаттың басқа түрлерін насихаттаушылардың 72,3 пайыз жоғары, оның 7,4 пайызы аяқталмаған жоғары, 20,3 пайызы орташа білімді. Біріншіден, кеңестік идеологияны насихаттайтын дәріскерлер өте білімді құрам болған. Насихатшылар мен дәріскерлердің партиялығы КОКП (Кеңес Одағы коммунистік партиясы) мүшелері 51,6 пайыз, ал партияда жоқтары 48,4 пайыз көрсеткен. Екіншіден, партияда жоқтарының өзі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағындағы басқарушы партияның негізгі идеологиясы марксизм-ленинизм бағытынан айныды деп айта алмаймыз. Мамандық санаттары бойынша инженерлік-техникалық қызметкерлер 39,5 пайыз, ауыл шаруашылығы мамандары 13 пайыз, мұғалімдер 21,7 пайыз, оқу орындар оқытушылары 4,2 пайыз, ғылым кандидаттары 1,2 пайыз, кәсіпорындар, мекемелер басшылары 7,8 пайыз, басқалары 13,8 пайыз көрсетілген. Үшіншіден, мамандық санаттары

әр түрлі пайыз болғанымен қоғамның өз ортасынан шыққан жұмысшы және педогогикалық бағыттардан халықтың ұжымдық жады мен бірегейлікті қалыптастыруға көп мән берген деп санаймыз. Осыдан шығатын түйін, сондықтан да КСРО идеологиялық тұрғыдан жүргізген іс-шаралары тиімділігі өте жоғары болғандығын көрсетеді. Алайда, идеология тұрғысынан жүргізілген үгіт насихат елдің әл-ауқаты үшін ұжымшылдық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталғанымен, жеке құқықтар мен бостандықтар көбінесе қоғамның игілігіне, пайдасына шешілмеді.

1980 жылдардағы идеологиялық жұмыстарды түсіну үшін КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президумының Председателі Л.И. Брежневке «Кіші жер», «Қайта өрлеу» және «Тың» еңбектеріне Лениндік сыйлық берілгенде қоғамның барлық мүшелері қалай тартылғандығын қарастырайық. Осы оқиға бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан компартиясы Қарағанды облыстық комитеті мен халық депутаттары облыстық советінің органдары «Орталық Қазақстан» [8, 1 б.] және «Индустриальная Караганда» [9, 1 б.] газеттерінің 1980 жылғы 1 сәуірінде Л.И. Брежневке Лениндік сыйлықты салтанатты түрде табыстағанын жарыса жазып жатты. Осы сыйлықты алғанда Л.И. Брежнев өзінің сөйлеген сөзінде: «Маған беріліп отырған бұл Лениндік сыйлық – әдеби сыйлық. Мен, өздеріңіз білесіздер, әдебиетші емеспін, партия қызметкерімін. Бірақ, әрбір коммунист секілді, мен өзімді партиялық насихаттың жауынгері деп санаймын, біздің баспасөздің жұмысына белсене қатысуды өзімнің борышым деп білемін», – деп қалам ұстаған жандарға жүк арта сөйлейді [8, 1 б.]. Осы жайтқа байланысты еліміздің барлық өңірлерінен бұқаралық ақпарат құралдары мен орталық комитетке еңбекшілерден бастап, жазушыларға дейін барлық халықтың барлық санаттарынан хаттар толассыз келген. Бұл сол кезеңдегі қоғамдық-саяси өмірді нақты көрсетеді. Сол хаттардың кейбіріне тоқталсақ.

Үгіт насихат жұмысына газет беттері арқылы биліктің айтуымен Совет Одағының Батыры Мартбек Мамыраев тартылады: «Мен Леонид Ильичтің «Кіші жер» атты кітабын совет жауынгерлеріне арнап орнатылған тамаша ескерткіш, тарихи шежіре деп бағалаймын. Біз соғыстың не екенін, ұлы Жеңістің халық үшін қаншалықты ауыртпашылықпен, қиындықпен келгенін жақсы білеміз» [10, 2 б.]

Билік коммунистік партияның мүшесі ретінде В.И. Ленин атындағы шахта парткомының хатшысы В. Сарычевті сөйлетеді: «В трилогии ярко прослеживается такая мысль: партийная работа – это человековедение. В повседневных связях с людьми, с рабочими и служащими, каждый партийный работник черпает вдохновение, находит основу для организаторской и воспитательной работы, для постоянного воздействия на трудовой коллектив, на каждого человека в отдельности». [11, 1 б.]

Кеңестік машина өзінің айтқанына қазақты әлемге танытқан, атақты жазушы І.Есенберлинді де көндірген: «Величие этих книг еще и в том, что они служат путевидный звездой для советского человека в будущее. Я совершенно уверен, что «Малая Земля», «Возрождение» и «Целина» выдающиеся произведения, и они будут жить в сердцах советских людей долго-долго. Чтобы воспитать молодое поколение нам надо отдать все ценные из своего таланта, опыта и знания. Нам же, писателям всех поколений следует равняться произведением Леонида Ильича Брежнева. Это наш долг и обязанность» [12].

Кеңестік жастар атынан С.М. Киров атындағы ҚазМУ тарих факультетінің 5 курс студенті, факультеттің комсомол комитетінің хатшысы К. Жигаловқа жалынды сөздерін айтқызған: «С чувством искренней радости восприняли советские студенты весть о присуждении Леониду Ильичу Брежневу Ленинской премии СССР за его замечательные книги «Малая земля», «Возрождение» и «Целина». Они заставляют думать – Думать о Родине, о цели в жизни и о твоём месте в ней. О вечном долге человека за будущее своей страны, о высокой ответственности каждого за мирное небо и счастливое детство. Наша страна вступила на порог нового десятилетия. И с чувством глубокой ответственности мы обещаем: комсомол 80-х годов выполнит все, к чему зовут его время и партия» [13]. Осы жоғарыдағы архив құжаттары мен бұқаралық ақпарат құралдарынан түйетін ой, кеңестік үгіт насихат жұмыстардың барлығы деректерден көргендей тек дәрістер өткізумен ғана болған

жоқ, сонымен қатар орталыққа хаттар жазу және газеттер, радио, теледидар, сондай-ақ жаппай демонстрациялар, фильмдер мен әдебиеттер сияқты басқа да арналар қолданылды. Идеологиялық үгіт насихат көбінесе символизмге, мифтерге және қарапайым ұрандарға сүйене отырып, эмоционалды әсер ету әдістеріне негіздеп жүргізген. Бұл құралдар ақпаратты таратып қана қоймай, «халық жауларының» бейнелерін белсенді түрде қалыптастырды, КСРО-дағы өмірді идеализациялады және тауар тапшылығы немесе саяси қуғын-сүргін сияқты нақты мәселелерді жасырды. Сол кезеңде еліміздегі қоғамның барлық саласында үгіт насихат жұмыстарына қарқынды түрде тартылып, қамтылғандығын көреміз.

Архив құжаттарына қарасаң барлық сала бойынша жүргізілген саяси-идеологиялық насихат жұмыстары кеңес азаматына коммунистік партияға адалдық пен Отанға қалтықсыз қызмет етудің жемісін толық берді деп баға беруге болады. Алайда, сол кезеңде қоғамдық-саяси өмірде күнделікті өмірде орын алып жатқан мәселелерді шешу жолында астыртын топтар мен ұйымдар құрған жастар болды. Сондай «Движение коммунары» жастар тобы Қарағанды қаласында 1978-1980 жылдары өмір сүрді.

Топ тарихнамасында 1989 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің органы «Ленинская смена» газетінде С. Кохановтың мақаласы «Движение коммунары» жастар тобы жайлы жазылған тұңғыш және соңғы жазба. [14, 2 б.] Мақалада деректік қоры мол болғанымен, газеттік материал болғаннан кейін сол қолданылған архив деректерге сілтеме жасамай беріледі. Сондықтан да толық астыртын жастар тобы тарихы ғылыми тұрғыдан ашылған деп айта алмаймыз.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобына байланысты Қарағанды мемлекеттік архиві [15] мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің архиві [16] құжаттары және Әділет Жағыпардың «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшесі болған Эмма Усмановамен, Әділет Жағыпардың «Движение коммунары» астыртын жастар тобы негізін қалаған Борис Парсеговпен сұхбаттары негізінде, жиналған деректер бойынша «Движение коммунары» астыртын жастар тобы қандай іс-әрекеттерге барғанын саралап көрейік:

- біріншіден, адамдарды басқару үшін топтың жарғысы мен бағдарламасын жазған;
- екіншіден, топқа адал болуға ант бергізіп, топтың жарғысына орай мүшелік жарна алып отырған;
- үшіншіден, құпия түрде пәтерде, жатақханада, саябақта бір-бірімен кездесулерді тұрақты емес өткізіп отырғандықтан, қауіпсіздік мәселелеріне көңіл бөліп Азат Баттаков бастап ұсталып қалған жағдайда өзін қалай ұстау керектігі жөнінде нұсқаулық жасаған;
- төртіншіден, жасырын түрде жиналып, құпиялық жағдайында үгіт насихат жұмыстарын қызу талқылап, шешендік өнерді, марксизм туралы еңбектер мен басқа да материалдарды зерделеген;
- бесіншіден, кезеңдік маңызы бар «Уби консистамус» (На том стоим), «С чего начать», «Тезисы о блате» атты бағдарламалық құжаттарды жариялаған;
- алтыншыдан, сол кезеңнің қоғамдық-саяси жағдайын тап басып, әлеуметтік әділдікті орнатып оны жастық максимализммен жойғылары келген.

Қорыта айтқанда, тарих «кемелденген социализмнің» теориясы мен практикасы «социалистік достастық» елдерінің нақты шарттары мен мүмкіндіктеріне, оның жүргізген идеологиясына, олардың саяси жүйесінің жағдайы мен даму динамикасына қаншалықты сәйкес келмейтінін көрсетті. «Брежнев доктринасы» да, М.С. Горбачевтың «қайта құру» саясаты да социализмнің өмірін оңтайландыра алмады. Өзгеше ойлайтын жандар соны ертерек түсініп халыққа жеткізуге тырысты. КСРО құрамында болған елдердің тәуелсіздікке жету жету жолында өзгеше ойлаған жандардың ерекше үлестері бар деп санаймыз. XX ғасыр соңында әр өңірдің елдері мен халықтардың өздерінің тағдырлары туралы шешуші сын сағатта нақты қадамдарға барып тәуелсіздіктеріне қол жеткізді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Кыдыралина Ж.У. Становление и судьбы идей по национальному вопросу в Казахстане (1917-1991 гг.): исторический анализ / Астана, 2008. С.400
- 2 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 720 бет.
- 3 Зағыпаров Қ. Ф. Философиялық терминдердің сөздігі / Қ. Ф. Зағыпаров. - Павлодар: ПМПИ, 2011. - 138 б.
https://philosophy_kaz.academic.ru/111/%D0%98%D0%B4%D0%B5%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F Қаралды 12.05.2025 ж.
- 4 Бектаев Қ. Үлкен қазақша-орысша сөздік / - Алматы: Алтын қазына, 1999. - 704 б.
- 5 Қарағанды облысы мемлекеттік архиві (ҚОМА) Қ.538 Т.1 І.122 П.64-87
- 6 Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (ҚР ПА) Қ.708 Т.91 І.3 П.1-4
- 7 ҚР ПА Қ.708 Т.91 І.80 П.1-4
- 8 Бейбітшілік жолындағы қажымас күрескерге // Орталық Қазақстан. 1980. – 1 апрель
- 9 Неустанному борцу за мир // Индустриальная Караганда. 1980. – 1 апрель
- 10 Мамыраев М. Ерлік шежіресі // Орталық Қазақстан. 1980. – 2 апрель
- 11 Сарычев В. Важное событие // Индустриальная Караганда. 1980. – 2 апрель
- 12 ҚР ПА Қ.708 Т.92 І.367 П.24-25
- 13 ҚР ПА Қ.708 Т.92 І.367 П.20
- 14 Коханов С. Души прекрасные порывы, или История о том, как «альма-матер» объявила своих питомцев неблагонадежными // Ленинская смена. 1989. 29 декабря С.2
- 15 ҚОМА Қ.538 Т.1 І.222 П.31-37
- 16 Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің архиві (ҚУА) Қ.764 Т.2 І.703 П.249-275
- 17 Әділет Жағыпардың «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшесі болған Эмма Усмановамен сұхбаты // – Бетпақдала. 2023. 6 тамыз
- 18 Әділет Жағыпардың «Движение коммунары» астыртын жастар тобы негізін қалаған Борис Парсеговпен сұхбаты. Астана, 2025. 25 қаңтар

СТАЛИНДІК ҰЖЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ 1928-1932 жж. ҚАЗАҚТАР НЕГЕ АШАРШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАДЫ

Жұбатқанов К. Ж., т.ғ. к., доцент

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Біздің жақын тарихмыздың қиын кезеңдері мен қайғылы беттерінің бірі - 1929-1933 жылдары Қазақстанда, бүкіл КСРО-да болған сол кездегі кеңестік ауылының ұжымдастыру жылдары. Ұжымдастыру Қазақстан халықтары үшін, ең алдымен, қазақ халқы үшін ең қанды және қиын драма болды. Адамзат тарихында қазақстандық апат сияқты трагедияның болуы екіталай, ол 2,5 миллионнан астам адамның өмірін қиды, оның 2,3 миллионы қазақ халқына тиді.

Ұжымдастыру науқанының Қазақстанда барлық жерде жүргізілуі ауыр зардаптарға әкелді, бірақ оның жойқын табиғаты көшпелі және жартылай көшпелі қазақ қожалықтарына әсер етті. 1928 жылы ұжымдастыруға дейін Ақтөбе облысында халықтың 68 %-ы қазақтар болған (сол кездегі мұрағат құжаттарында Ақтөбе облыстық мұрағатында бұл ұлт казактар деп аталған), 32 %-ы басқа ұлт өкілдері болған.

Халықтың негізгі кәсібі ауылшаруашылығы болды, бұл жерде қазақтар арасында мал шаруашылығы және орыстардың арасында егіншілік басым болды. 1917 жылы біздің облыста 2 702 000 бас ірі қара мал бар (барлық түрлері), 1925 жылы - 941 000, 1926 жылы - 1 200 000 және 1927 жылы - 1 758 000. Ірі қара малының табысы 1927 жылы 35% құрады. 1917 ж. қатысты. (1)